

БЕКІТЕМІН
«М.М.Катаев атындағы
Оқушылар сарайы» ҚКММ
басшысы
А.Ж. Ерубасева



2018 ж.

**«Юниор-экспресс» ұзақ мерзімді жобасы аясында өткізіліп отырған
Павлодар өлкесінің танымал замандастары туралы үздік басылымдар
«СМИру по строчке» облыстық сайысының
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Павлодар өлкесінің танымал замандастары туралы үздік басылым «СМИру по строчке» облыстық сайысын өткізілу тәртібін анықтайтын нақты ереже (бұдан әрі сайыс).

1.2. Бұл конкурсты М.М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының «Твой мир - Сенің әлемің» облыстық балалар-жасөспірімдер газетінің редакциясы іске асырып, жаңадан бастап жүрген дарынды журналистерді анықтап және қолдауға бағытталған.

1.3. Конкурс 2018 жылдың 10 қаңтарынан 1 наурызға дейін өткізіледі. Өтініштер 2018 жылдың 1-ші наурызға дейін қабылданады.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Сайыс жаңадан бастап жүрген дарынды журналистерді ерекше қолдау және анықтау мақсатында өткізіледі.

2.2. Сайыстың міндеттері:

- Балалар мен жасөспірімдерді журналистпен шұғылдануға қызықтыру;
- Баспа басылымдары үшін қызықты, өзекті журналистикалық материалдарды құру арқылы белсенді қызметін ынталандыру;
- Оқушылар мен студенттер арасында қоғаммен, спортпен, ғылыммен, шығармашылық қызметтерімен шұғылдануға тарату;
- Павлодар облысының дарынды жас журналистерін қолдау және анықтау.

3. САЙЫС ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1. Конкурсқа «Твой мир-Сенің әлемің» облыстық балалар-жасөспірімдер газетіне жазылған жалпы білім беру мектептерінің және Павлодар облысының оқу орындарының оқушылары қатыса алады. Газетке жазылудың шарттары №1 Қосымшада көрсетілген.

3.2. Сайыс келесі жас ерекшеліктері бойынша өткізіледі:

Кіші жас санаты - 7-ден 10 жасқа дейін;

Орта жас санаты – 11-ден 14 жасқа дейін;

Жоғары жас санаты – 15-тен 18 жасқа дейін.

4. САЙЫСТЫҢ ӨТКІЗІЛУ ШАРТЫ

4.1. Сайыс тақырыбы «Павлодар өлкесінің танымал замандастары туралы».

4.2. Сайысқа қатысуда БАҚ-та жарияланған жұмыстары, сондай-ақ сайыс үшін арнайы жазылған мәтіндері қабылданады.

4.3. Кіші жас санатындағы оқушылардан шығармалар, эссе, суреттемелер, портреттік очерктер, сұхбаттар қабылданады.

Орта және жоғары жас санатындағы оқушылардан эссе, сұхбат, мақалалар, портреттік очерктер, авторлық бағаналар қабылданады.

4.4. Сайыс қатысушылары тек қана бір мәтіннен ғана жібере алады.

4.5. Конкурс жұмыстары 2018 жылдың 10 қаңтарынан 1 наурызға дейін қазақ және орыс тілінде twoi_mir@mail.ru электрондық мекенжайы бойынша «САЙЫСҚА» деген ескертпемен қабылданады.

4.6. Сайыстық жұмыстарды рәсімдеудің техникалық талаптары: *.doc немесе *.docx түрінде мәтіндер қабылданады. Олар Microsoft Office Word мәтіндік редакторында терілген, қаріптің кеглі 14, жоларалық - 1,5 болуы тиіс. Шеттері: жоғарғы, төменгі, сол жағы, оң жағы – 2 см. Жұмыс көлемі таңдалған жанрдан басылым мәтіндері үш беттен аспауы тиіс (А-4 форматта). Жұмыстың негізгі бетінде көрсетілуі тиіс: автордың аты-жөні, жасы, оқу орны, жұмыстың атауы, жанры, баланыс деректері (үй мекенжайы және телефоны), жетекшінің ТАӘ (егер бар болса). Титул беті №2 Қосымшада.

4.7. Ғаламтор желісінен материалдары қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады.

4.8. Сайыстық жұмыстар қайтарылмайды және рецензияланбайды.

4.9. Сайыстың шартын сақтамаған жағдайда автордың жұмысы қабылданбайды.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

5.1. Павлодарлық газеттердің редакторлары, жергілікті БАҚ-ғы тәжірибелі журналистер сараптамалық комиссиясының құрамына еніп, сайысқа түскен жұмыстарды қарап, жеңімпаздарды анықтайды.

5.2. Шығармашылық жұмыстарды бағалау критериилері: сайыстың тақырыбының ашылуы; таңдалған жанрдың сәйкестігі; сюжеттің ерекше құрылуы; тіл мазмұндамасының бейнелілігі және айқындығы; жеке авторлық стилі.

5.3. 2018 жылдың 2-10 наурыз аралығында сайыс жұмыстары тексеріледі. Конкурс қорытындысы 2018 жылы 14 наурыз күні жарияланады.

5.4. Сайыстың қорытындысы бойынша қазақ және орыс тіліндегі әр жас санаттағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер (I, II, III орындары) дипломдармен марапатталып, сайысқа қатысқан оқушыларға сертификаттар беріледі.

Өтініште берілген электрондық мекен-жайға қатысушыларға дипломдар жіберіледі.

5.5. М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының ресми сайтында жеңімпаздардың есімдері жарияланады.

5.6. Ұйымдастырушы комитеті «Твой мир – Сенің әлемің» облыстық балалар мен жасөспірімдер газетінде және басқа мерзімді басылымдарда жариялауы мүмкін.

6. САЙЫС ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ
32-85-06, twoi_mir@mail.ru

Даирбаева Варвара Александровна, Аипова Әсем Серікқызы.